Автор: Муратова Батес Такуовна
Пән: Математика
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер
Тақырып: Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.2.10 kx>b,kx≥b,kx<b,kx≤b түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу; 6.2.2.11 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді kx>b,kx≥b, kx<b,kx≤b түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6.2.2.12 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 6.2.2.13 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу;
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар: - бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шеше алады және шешімдерін координаталық түзуде кескіндей алады. - теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы жазып білу; - берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жаза алу.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: - санды теңсіздіктердің қасиеттерін тұжырымдайды; - санды теңсіздіктерге арифметикалық амалдар қолдану алгоритмін түсіндіреді; - сан аралықтарын оқиды; Арнайы лексика және терминалогия: - теңсіздік; - санды теңсіздік; - қатаң теңсіздік; - қатаң емес теңсіздік; - сәуле, ашық сәуле; - аралық, кесінді; - теңсіздіктерді шешу; - жартылай интервал; - <, >, □, □,□, ≤, ≥ символдары. Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер - (a; +□) белгілеуін«a-дан плюс шексіздікке дейінгі аралық» деп оқимыз; - (–□; a) белгілеуін «минусшексіздіктен a-ға дейінгі аралық» деп оқимыз; - теңсіздіктің екі жақ бөлігін де теріс санға көбейткенде/бөлгенде теңсіздік белгісін өзгереді; - теңсіздіктің екі жақ бөлігін де оң санға көбейткенде/бөлгенде теңсіздік белгісін өзгеріссіз қалады.
Бағалау критерийлері:	Білім алушы: - бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешеді және шешімдерін координаталық түзуде кескіндейді. - теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы жазады - берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жаза алады.
Құндылықтарды дарыту:	Белсенді қарым- қатынас, өзіндік шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту, тақырыпқа бағытталған сұрақтар қою арқылы оқушылардың өмірлік білім жолын қалыптастыруға үйрету, өзіне деген сенімділігін, ойын ашық жеткізе білуге үйрету.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет ресурстарымен жұмыс жасау дағдысын дамыту
Пәнаралық байланыс:	Қолданбалы математика есептері
Бастапқы білім:	Шамаларды салыстыра алу; теңдеулерді шешу дағдылары; сандық түзумен жұмыс жасау дағдылары.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (1-5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Коллаборативті орта қалыптастыру. Коллаборативті орта қалыптастыру. «Жақсы қасиеттер түзуі» тренингі. Сандық теңсіздіктер тек математикада емес, онымен қоса әдебиетте, күнделікті өмірде де пайдаланыланатынымызды ескеріп, әдебиетпен, өзін-өзі тану пәнімен байланыстырайық. Оқушыларға адамды координаталық түзу етіп алсақ, олардың бойында теріс жат әдеттермен қатар жақсы оң қасиеттері бар екені туралы айту. Олай болса теріс әдеттерден арылып жақсы қасиеттерді еселей беруге тырысу керекпіз. Әр оқушы қасындағы адамның жақсы бір қасиетін айтып кету ұсынылады. Үй тапсырмасын тексеру. Екі көрші дәптерлерін ауыстырып бір-бірін тексереді, сигналды карта арқылы бағалайды. Бүгін «Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу» тақырыбы бойынша қорытынды сабақ, мен ол сабақты «Математикалық поезд» ойыны түрінде жүргіземін.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6-25 минут)	Аялдамалар A- Теория; B – Санау ; C - Есептеу; D- Тексеру; E - Ойлану. Әр топ өзінің басшысын тағайындайды(өздері) сол келіп өзінің реттік номерін алады, сол реттік номерлер бойынша аялдамаларға келіп, тоқтау уақытында үлгеріп берілген тапсырмаларды орындайды. Мұғалім уақытты әр аялдама сайын белгілеп, көрсетіп отырады. Тапсырмалар аялдама столында пакетте болады. B - Теория; №1. a) мына 0; -3; -0,5; 2,3; 7; 5,6; 8; 7; -1 сандар (-1; 8] аралығына тиісті ме? b) теңсіздіктерді шешіңдер: 2x >4; -3x<6; -x> 1. c) 1)6,7>5 2) 10>-15 |*(-2) 3) 35 >14 + × 4,9>3,2 2>1 C – Санау; №2.Теңсіздіктерді шешіңдер: 2x + 3 >5; 4x – 5 < 3; 3 - x> 2; 4x + 21 < 9; 2(x + 5) >16; 3x – 15 < 4x + 20; 6x + 22 < 3(x + 4); 6 + x ≥ 3 – 2x; 4x + 19 ≤ 5x– 1. D - Есептеу; №5. Сәйкестікті табыңдар: [a;b) (a;b] [a;+∞) (-∞;b] (a;+∞) (-∞;b) (a;b) [a;b) D- Тексеру; №7. Мына аралықтардағы ең үлкен және ең кіші бүтін сандарды табыңдар: 1) [–17; –5); 1) [–3; 5]; 1) [7,2; +∞); 2) (–2; 7]; 2) (–13; 15]; 2) [2; 11]; 3) [–2,5; +∞); 3) (–∞; 6); 3) [–4; 6); 4) (–4,5; +∞); 4) (–∞; 5]; 4) [−1;13];	
Сабақтың соңы (10 минут)	Қорытынды - Сабақтың мақсаты қандай болып еді? - Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешуді толық қайталдық деп ойлайсыңдар ма? Рефлексия Қыстырғыш арқылы кері байланыс Үйге тапсырма: № 940	
Рефлексия	Қыстырғыш арқылы кері байланыс	